“ZIYATKER TURAN” ЖШС МЕКТЕБІНІҢ
АТА-АНАЛАРҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕСЕБІ

2024-2025 оқу жлы

Ата-аналарға бала тәрбиесіндегі қолдау мен сенімнің маңызын түсіндіру, адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың ерекшеліктерін көрсету және жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс қарым-қатынас орнатуға бағыт беру, ата-аналармен бала тәрбиесіне байланысты түсіндіру жұмысы жүргізілді. Кездесу барысында бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру және жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктері туралы мәселелер қарастырылды.

Бірінші тақырып бойынша «Баланың бетін қақпа, белін бу» қағидасының тәрбиелік мәні түсіндірілді. Баланың қабілеті мен қызығушылығын қолдау, оның жақсы бастамаларына мүмкіндік беру, өзіне деген сенімін арттыру қажеттігі айтылды. Ата-аналарға баланың әрбір әрекетін бірден сынамай, оның талпынысын қолдау, қателескен жағдайда түсіндіру және дұрыс бағыт көрсету жөнінде ұсыныстар берілді.

Екінші тақырып – «Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу – тұлға қалыптасуының негізі» бойынша бала бойында адалдық, мейірімділік, жауапкершілік, сыйластық, еңбекқорлық, үлкенді құрметтеу және кішіге қамқор болу сияқты қасиеттерді қалыптастырудың маңызы талқыланды. Адамгершілік тәрбиенің ең тиімді жолдарының бірі ата-ананың жеке үлгісі екені атап өтілді. Баланың отбасындағы күнделікті қарым-қатынасты бақылау арқылы көптеген мінез-құлық үлгілерін қабылдайтыны түсіндірілді.

Үшінші тақырып «Жоғары сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері» бойынша жасөспірімдік кезеңдегі өзгерістерге тоқталынды. Жоғары сынып оқушыларының өз

пікірін білдіруге, дербестікке ұмтылатыны, достарының пікіріне мән беретіні және болашақ мамандығын таңдауға қызығушылық танытатыны айтылды. Осы кезеңде ата-ананың баланың пікірін тыңдап, оның таңдауына құрметпен қарауы және қажет жағдайда дұрыс бағыт-бағдар беруі маңызды екені түсіндірілді.

Кездесу барысында ата-аналармен пікір алмасу жүргізіліп, балаға қолдау көрсету, оны басқа балалармен салыстырмау, жетістіктерін атап өту және қателіктерін сабырлы түрде түсіндіру жолдары қарастырылды.

Қорытынды: Атқарылған ,жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналар бала тәрбиесінде сенім, қолдау және түсіністіктің маңызын түсінді. Баланың жеке қабілетін дамытуға мүмкіндік беру, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру және жоғары сынып оқушысының жас ерекшеліктерін ескеру қажеттігі атап өтілді. Ата-аналарға баламен қарым-қатынаста жылы сөздерді жиі қолдану, оның пікірін тыңдау, өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік беру және отбасында жағымды психологиялық орта қалыптастыру ұсынылды.

Ұсыныс: Алдағы уақытта ата-аналармен бала тәрбиесіне қатысты осындай түсіндіру және пікір алмасу жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.Үнемі байланыста болу.

Педагог-психолог: Жетписбаева А.Е.